

2. Клименов М.Ф. Здоровье детей в образовательных учреждениях. - Ростов на Дону: Феникс, 2016. - 376 с.
3. Литарова Н. Противоречия в процессе сотрудничества учителя и родителей и основные пути их разрешения // Воспитание школьников. - 2016. - № 1. - С. 16-18.
4. Виноградов П.А. Физическая культура и здоровый образ жизни. - М.: Мысль, 2014. – С. 288.
5. Пидкасистый П.И. Педагогика. М.: Педагогическое общество России, 2013. - 640 с.
6. Жаренкова Т.Н. Формы и методы работы по взаимодействию семьи и школы в современных условиях // Классный руководитель. - 2018. - №1. – С. 120-121.
6. Мамбаева А.М. Салауатты өмір салтқа тәрбиелеу қажеттілігінің, оқырмандық қызығушылықтың және денсаулық, салауатты өмір салт жөніндегі ғылыми-көпшілікке арналған, ғылыми-көркем әдебиеттер, мерзімдік басылымдардың қатынасы. // Білім әлемінде. – 2019 ж.
7. Формы взаимодействия учителя с родителями в начальной школе / сост. Н.А.Касаткина. – Волгоград : Учитель, 2019. - 122с.
8. Крючков, В.К. Взаимоотношения в системе «педагог - ребенок – родители» // Педагогика. – 2016. – № 9. – С. 37 - 42.
9. Кривошеина, И. В. Формирование ценностного отношения к здоровью и здоровому образу жизни // Начальная школа плюс. - 2009. - № 2. - С.6-9.

Актаева Ж. К.
«№78 негізгі орта мектебі» КММ, Қарағанды қ.
Алпысбаева К.Е.
«№81 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА БЕЙІМДЕУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Функционалды сауатты тұлға - қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп, кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осыған байланысты тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану өзекті мәселелердің бірі.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, құзіреттілік, әлеуметтік, заман талабы, ұғым, әдістемелік жүйе.

Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Жалпы функционалды сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалды сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалды сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалды сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Ол үшін төмендегідей міндеттер қойылды: мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау; мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту [2, 3 бет].

Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты

тұрғысынан карағанда функционалдык сауаттылык жеке адамды дамытудың тетігі ретінде колданылады [2, 15 б.].

Орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім мазмұны күзіреттілік бағытына сай тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, практикалық маңызы, қатысымдық қызметін танытатын материалдармен жұмыс жасайды; оқушының оны өздігінен әрекет ете отырып игеруіне қажетті оқу жағдаяттары мен өмір шындығына сай құрылған қатысымға жетелейтін жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылады; қазақ тілін оқытудың түпкі нәтижесі оқушыға ақпараттық, қатысымдық және проблеманы шешу күзіреттіліктерін меңгертуге бағытталған, онда оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыруға қол жеткізіледі. Өйткені білім оқушының өмірлік дағдысына айналуына бірден-бір мүмкіндік беретін жолы функционалдык сауаттылык болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдык сауаттылықты қалыптастыру – оқушының танымдық-қатысымдық қабілеттерін дамытуға деген ішкі мүдделілігімен әлеуметтік сұранымды үйлестірудің жолы.

Сондықтан оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін меңгертуде білім мазмұны аяларға бөлініп, қатысымдық, дара тұлғаға бағдарлай оқыту және сұқбаттық әдістер негізінде ұйымдастырылатын жағдаяттық, рөлдік ойын, шығармашылық тапсырмалар біртұтас әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылып отыр.

Функционалдык сауаттылык – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүкін емес. Сондықтан грамматика толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Бірақ үйренетін тілдің ауқымындағы грамматикалық жүйе туралы ережелер, категориялар, ұғымдар туралы білімдер сол тілді меңгергендіктің көрсеткіші бола алмайды. Үйреніп отырған тілде шынайы коммуникациялық тілдесімге түскенде ғана сол тілде сөйлеу сауаттылығына қол жеткізіледі [3, 4-6 бет].

Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатта сабақты Блум таксаномиясы негізінде құрастырудың мысалы. Себебі Блум таксаномиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады (1-кесте).

1-кесте. Блум таксаномиясы

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың когнитивтік іс - әрекеті
Білу	Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері
Түсіну	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады
Талдау	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Бағалау (сыни өзіндік пікір)	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды.

2-кесте. Мысалы: қазақ тілі «Қыс. Зат есім»

Біліктілігі	Оқушы іс-әрекеті
Білу	Зат есім дегеніміз не?
Түсіну	Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгенінді жаз
Қолдану	Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра
Талдау	Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат.
Жинақтауы	Артық сөзді тап. Кітап, дәптер, қайшы, сотка

Бағалауы	Шағын эссе жаз Сенің атын кім? Сенің сүйікті жануарын бар ма? Ол үшін не істей алатындығыңды ойландың ба? Жануарларды қорғауға сенің тигізер үлесің қандай?
----------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматика сөйлеуді үйретуге қызмет етеді және қолданбалы мәнге ие болады. Себебі ол оқушылардың өзге тілде сөйлесімді дұрыс құрастыра алуына; айтылған сөзді бақылап, талап етілген грамматикалық форма мен құрылымды саналы түрде құра алуы үшін керек.

Әрине сабақ барысында оқушылар арасында ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс түрлерін қолданамыз. Мәтінді ұжымдық оқу.

Оқушылар мұғалімнің көмегімен ескі кітаптардан әңгімелер, ертегілер, көрнекіліктері бар өлеңдерді қырықп алып қатты беттерге жабыстырады. Осы арқылы сыныпта қанша оқушы болса сонша мәтін дайындауға болады. Әркім өз карточкасын алып оқиды. Егер түсініксіз сөйлемдер болса мұғалімнен сұрап алады. Осыдан кейін жұптармен жұмыс істеу басталады. Оқушылар өз әңгімелерін кезекпекезек серіктерін оқып, көрнекіліктеріне назар аударады, бір-бірлеріне сұрақтар қояды, осыдан кейін карточкалар ауысырылады.

Мұндай ұжымның әрбір мүшесі әңгімені қалайда көбірек оқып шығуға тырысады, ол үшін әрбір әңгіме өзінше қызық әрі жаңа. 20-30 минуттық ұжымдық жұмыстан соң оқушылар «Кім – кіммен жұмыс істеді?», «Әңгімені қанша рет қайталап оқыды?», «Қандай әңгіме көбірек ұнады?» деген сияқты мұғалімнің сұрақтарына жауап береді (3-кесте).

3-кесте. Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар» Ы. Алтынсарин

	Оқу тапсырмасы
Білу	Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз. Өлеңді мәнерлеп оқып шық.
Түсіну	Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз.
Қолдану	Кәзіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз.
Талдау	Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра
Жинақтау	Өнер, білім жайлы мақал жаз
Бағалау	Өлеңді кәзіргі өмірмен салыстыр, дәлелде.

Ғылыми жұмыстарға сабақтан тыс уақытта дайындық жұмысын жүргізу жолы:

1. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын өзіңе ұнайтын бір тақырыпқа топтастыру /кластер/ жаса. Өзіңнің жаныңа жақын тақырыпты белгілеп, мәтінді маркермен бояп қой.

2. Өзіңнің зерттеу жұмысыңның мақсатын жаз. /Бұл зерттеу жұмысы саған не үшін қажет?/

3. Зерттеу міндеттеріңді жаз.

4. Зерттеу жұмысын кіммен жүргізгің келеді? /Белгілеп қой/

Өзім

Досыммен бірге

Ұжыммен

Ата-анаммен

Неге?

5. Осы тақырып бойынша ақпараттарды қайдан алуға болады?

- теледидардан

- кітапханадан қарауға

- бақылауға

- интервью жүргізуге

- интернеттен

6. Зерттеу тақырыбың бойынша кітаптардан, журналдардан алған ақпараттарыңды жаз.

7. Компьютермен /интернетпен /жұмыс жаса. Одан қандай жаңа ақпарат алғаныңды жазып қой.

8. Интервью жүргіз. /Сұрақтарыңды дайындап ал/.

Интервьюді кімдерден алу керек?

- арнайы мамандардан

- жоғарғы сынып оқушыларынан

- досыңнан

- ата- анаңнан

- мұғалімдерден

- кез келген азаматтан т.б.

9. Тақырыбың бойынша бақылау жүргізіп, бақылағаныңды жаз

Бақылау жүргізген уақыты	Бақылау жүргізу барысындағы өзгерістер	Өзіңнің ойыңды жаз

10. Эксперимент жүргізіп көр, қандай да бір өзгерістер болса дәптеріңе жаз

11. Қорытынды шығар

12. Зерттеу жұмысынан кейінгі туған ойлар

Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруға болады. ХХІ ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі - функционалдық сауаттылық [4, 13 бет].

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі таңдағы заман талабы. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу - бүгінгі күннің мақсаты.

Мектептегі басты тұлға - мұғалім десек, бала өмірінде мұғалім ерекше роль атқарады. Оқушылардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сабырлы азамат боп жетілуі, тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты болмақ. Егер бала мұғалімді жақсы көрсе, онда ол оқуды да, мектепті де жақсы көреді. Мұны мұғалімнің беделі деп түсінуіміз керек. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмағаны жөн.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына кезекті Жолдауы. 2012 жыл 27 қаңтар.

2. Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары»

3. 12 жылдық мектеп оқушыларының қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал.- Астана, 2013.

4. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2009 ж. №7

Аллянова Л.А.

КГУ «ОШ№16» ОО г.Темиртау

Борисенко Н.В.

УО КО «Экологическая школа» г. Темиртау

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация. В статье изложен опыт учителей-практиков по формированию функциональной грамотности учащихся в условиях экологической школы. Представлены результаты научно-практических исследований: создание цикла сборников по функциональной грамотности чтения «Растения-рекордсмены Казахстана»; создание брошюры и плаката «Определитель цветковых растений Карагандинской области» и социальный областной проект «Маленькая батарейка – большие проблемы».

Ключевые слова: функциональная грамотность, практические исследования, сборники, растения, комплексные проверочные работы, настенный и карманный определитель, единая схема описания, социальный проект, масштаб зоны взаимодействия.